

О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектептің арнайы маманы
Б.Жорықбаевтың 2025-2026 оқу жылының
I тоқсанында жүргізілген жұмыстарының
Е С Е Б І

Жалпы мәлімет

2025–2026 оқу жылының басында мектепте ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) оқушылармен кешенді психологиялық-педагогикалық диагностика және түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл кезеңде негізгі мақсат – білім алушылардың оқу және танымдық қабілеттерін анықтау, қиындықтардың сипатын белгілеу және олардың дамуына қолайлы жағдай жасау болды.

Қыркүйек–қазан айлары аралығында дефектологтың жұмысына барлығы 20 оқушы қамтылды. Оның ішінде:

- оқу мен жазуда қиындықтары бар – 15;
- сөйлеу тілінің дамуы кешеуілдеген – 3;
- танымдық және зейіндік процестері әлсіз дамыған – 6;
- эмоциялық және мінез-құлықтық ерекшеліктері бар – 5.

2. Жүргізілген жұмыстардың мазмұны

2.1. Диагностикалық жұмыс

Әрбір ЕББҚ бар оқушыға кешенді педагогикалық диагностика жүргізілді. Диагностика барысында баланың зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлау операциялары, оқу, жазу және санау дағдыларының даму деңгейі анықталды. Нәтижесінде оқушылардың басым көпшілігінде зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтау көлемінің аздығы және ойлау әрекеттерінің баяулығы байқалды. Кейбір оқушыларда оқу кезінде буындап оқу, мәтінді түсінуде қиындықтар, жазуда әріп алмастыру, сөздің бөліктерін тастап кету сияқты белгілер анықталды.

2.2. Түзету-дамыту жұмысы

Диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, әр оқушыға жеке даму бағдарламасы мен сабақ кестесі құрылды. Сабақтар жеке және шағын топтар форматында өткізілді.

Жұмыс бағыттары:

- Зейінді шоғырландыру және есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар;
- Оқу мен жазу дағдыларын жетілдіруге арналған әдістемелік тапсырмалар;
- Сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын кеңейту және байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру;
- Ұсақ моторика мен графомоторлық қабілеттерді жетілдіру;
- Эмоциялық жайлылықты қамтамасыз ету, өзіне сенімділікті арттыру жаттығулары.

Сабақтар барысында ойын элементтері, сурет, сөздік және логикалық жаттығулар кеңінен қолданылды. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен

қызығушылығын арттыру үшін визуалды материалдар мен көрнекіліктер пайдаланылды.

2.3. Әдістемелік және ұйымдастырушылық іс-шаралар

- ЕББҚ бар білім алушылардың тізімі жаңартылып, жеке картотекалар толықтырылды;
- Оқушылардың жеке даму динамикасын бақылау кестесі жасалды;
- Пән мұғалімдерімен және психологпен бірлескен жұмыс ұйымдастырылды;
- Қажет болған жағдайда ПМПК-ға (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) жолдама беру үшін мәліметтер дайындалды.

2.4. Ата-аналармен байланыс

Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Кездесулер барысында баланың даму ерекшеліктері түсіндіріліп, үй жағдайында оқу және сөйлеу қабілеттерін дамыту жолдары ұсынылды. Ата-аналарға мотивациялық қолдау көрсету, баламен қарым-қатынас жасау мәдениеті және түзету сабақтарының маңыздылығы туралы ақпарат берілді.

3. Жұмыс нәтижелері

Қыркүйек–қазан айлары аралығында жүргізілген түзету сабақтарының нәтижесінде бірқатар оң өзгерістер байқалды:

- Оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен белсенділігі артты;
- Зейін мен есте сақтау тұрақтылығы жақсарды;
- Оқу мен жазу дәлдігі артып, кейбір оқушыларда мәтінді түсіну деңгейі жоғарылады;
- Ұсақ моторикасы мен қозғалыс үйлесімділігі жақсарды;
- Сөйлеу тілінде жаңа сөздерді дұрыс қолдану, байланыстырып сөйлеу қабілеттері дамыды.




Дегенмен, кейбір оқушыларда оқу мен жазудағы қиындықтар әлі де сақталып отыр. Мұндай балалармен жұмыс жүйелі түрде әрі ұзақ мерзімді жалғасуы қажет.

4. Қиындықтар мен бақылауға алынған мәселелер

- Кей оқушылардың сабаққа қатысуы тұрақсыз;
- Үй жағдайында ата-аналық көмек жеткіліксіз;
- Оқу материалдарын меңгеру қарқыны баяу.

5. Қорытынды және ұсыныстар

Жалпы алғанда, қыркүйек–қазан айларында дефектологтың жұмысы жоспарға сай, жүйелі түрде жүргізілді. Әр оқушының жеке даму ерекшелігі ескеріліп, нақты мақсатқа бағытталған түзету сабақтары өткізілді. Оқушылардың даму динамикасында алғашқы оң нәтижелер байқалады.



Арнайы маман  Б.Жорықбаев